

АДАЛ АЗАМАТ – БІРТҰТАС ТӘРБИЕ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА БІЛІМДІ, БІЛІКТІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУМЕН ҚАТАР, АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТІ ЖОҒАРЫ, ЕЛІН СҮЙЕТІН, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ, ЕҢБЕКҚОР ӘРІ АДАЛ АЗАМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. СЕБЕБІ БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ ТЕК АКАДЕМИЯЛЫҚ БІЛІММЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ОНЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ, ҮЛКЕНГЕ ІЗЕТ, КІШІГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТУ, ӨЗ ІСІНЕ ЖАУАП БЕРУ, АДАЛ ЕҢБЕК ЕТУ СЫЯҚТЫ ҚАСИЕТТЕР ҚАЛЫПТАСУЫ ҚАЖЕТ. ОСЫ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА, «АДАЛ АЗАМАТ – БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ЕРЕКШЕ. БАҒДАРЛАМА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІңІРЕ ОТЫРЫП, ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫҒАН, ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

Тәрбие – баланың өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлқын қалыптастыратын үздіксіз үдеріс.

Мектеп қабырғасында берілетін тәрбие отбасындағы тәрбиемен сабақтасып, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы арқылы дамиды. Сондықтан тәрбие жұмысы бір ғана іс-шарамен шектелмей, оқу үдерісінің барлық кезеңімен тығыз байланыста жүзеге асуы тиіс. Тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс жұмыстарын сабақ процесімен сабақтастыра отырып, «Адалдық», «Жауапкершілік», «Еңбек», «Қамқорлық», «Отаншылдық» ұғымдарын баланың күнделікті өмірімен байланыстыру маңызды.

Қазақ халқының тәрбиелік мұрасында адалдық, ар-ұят, намыс, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, еңбекқорлық сияқты құндылықтар ерекше орын алады. «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы осы ұлттық құндылықтарды заманауи тәрбие әдістерімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті пәні мұғалімі ретінде мен үшін бұл бағытты жүзеге асырудың мүмкіндігі мол. Қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалар арқылы оқушы адамгершілік қасиеттерді терең түсіне алады. Кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау барысында «Ол не үшін осындай шешім қабылдады?», «Кейіпкердің орнында сен болсаң не істер едің?», «Адалдық пен жауапкершілік қай тұстан көрінеді?» деген сұрақтар арқылы оқушыны ой-

ландыруға болады. Мысалы, әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің елге, жерге, ата-анаға, досқа деген қарым-қатынасын талдау арқылы оқушылар өздерінің өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады. Бұл – тәрбиені пән мазмұнымен табиғи түрде ұштастырудың тиімді жолы.

Адал азамат тәрбиесінде еңбек құндылығының да маңызы зор. Еңбекті бағалаған бала өзгенің еңбегін де құрметтеуге үйренеді. Балаға «еңбек ет» деп айту жеткіліксіз. Оған еңбектің нәтижесін көруге мүмкіндік беру қажет. Мәселен, сыныпта ортақ жоба жасау, кітап бұрышын ұйымдастыру, мектеп-ішілік әлеуметтік бастама өткізу сияқты жұмыстарды ұйымдастыра отырып, оқушыны бірлесіп әрекет етуге, міндетін орындауға және нәтижеге жауап беруге тәрбиелесем, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатысу, мектеп ауласын абаттандыру, қайырымдылық және волонтерлік бастамаларға араласу жұмыстары арқылы оқушының әлеуметтік жауапкершілігін арттырамын.

Тәрбиенің нәтижелі болуы мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығына тікелей байланысты. Ата-ана баланың алғашқы тәрбиешісі болса, мектеп осы тәрбиені жүйелі түрде жалғастырады. Сондықтан ата-аналармен өткізілетін кездесулерде тек оқу үлгерімін талдаумен шектелмей, баланың мінез-құлқы, қарым-қаты-

насы, қызығушылығы, жауапкершілігі мен қоғамдық белсенділігін де талқылаймын. «Балаға қандай тәрбие беріп жатырмыз?», «Оның бойында қандай құндылықтарды қалыптастыруымыз керек?» деген сұрақтар ата-ана мен мұғалімді ортақ мақсатқа біріктіреді.

Қорыта айтқанда, «Адал азамат– біртұтас тәрбие» бағдарламасы – жас ұрпақтың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған маңызды тәрбие құралы. Бағдарламаның тиімділігі оның күнделікті мектеп өмірімен, оқу үдерісімен, отбасылық тәрбиемен және қоғамдық ортамен байланысында көрінеді.

Адал азамат бір күнде қалыптаспайды. Ол күнделікті жақсы әрекет, дұрыс бағыт, үлкеннің өнегесі, ұстаздың үлгісі және отбасының қолдауы арқылы тәрбиеленеді. Сондықтан әрбір мұғалімнің басты міндеті – оқушыға білім берумен қатар, оның адамдық болмысының қалыптасуына ықпал ету. Бүгінгі мектепте білім алған бала ертенгі қоғамның азаматы болады. Ал оның қандай азамат болып қалыптасуы – бүгінгі тәрбиенің нәтижесі. Адал азамат тәрбиелеу – баршаға ортақ міндет, ал біртұтас тәрбие – сол мақсатқа бастайтын маңызды жол.

Рысқұл АҚНИЯЗОВА,
Ақшұқыр мектеп-лицейінің қазақ

«ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСЫ ӨТТІ

МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАСТАР КҮНІНЕ ОРАЙ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ЖАС КІТАПХАНАШЫЛАРЫ АРАСЫНДА «ЖІГЕРЛІ ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» ТАҚЫРЫБЫНДА ТАНЫМДЫҚ КУИЗ ӨТТІ.

Іс-шараның басты мақсаты – кітапханашылардың кәсіби білімін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, командалық жұмысты нығайту, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау және кітап оқу мәдениетін насихаттау.

Іс-шараның ашылуында Қ.Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы директорының орынбасары Гуля Жарасханқызы қатысушыларға ізгі тілегін білдіріп, алғы сөз сөйледі.

Сайыс барысында жас кітапханашылар өздерінің білімін, тапқырлығын, жылдам ойлау қабілетін және ұйымшылдығын көрсетті.

Іс-шараға Маңғыстау облысының аудан-қалаларынан және облыстық кітапханадан келген кітапхана мамандары қатысты. Интеллектуалдық додаға «Жасампаз» – Ақтау қаласы, «Айттым ғой» – Жаңаөзен қаласы, «Руханият» – Қаракия ауданы, «Библиобанда» – Бейнеу ауданы, «Букстарс» – облыстық кітапхана, «Бақ сынағандар» – Маңғыстау ауданы, «Жалын» – Түпқараған ауданы командалары бақ сынады.

Сайыс қорытындысы бойынша І орын – Қ.Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы, ІІ орын – Ақтау және Жаңаөзен қалаларының кітапхана-



лары және ІІІ орын – Қаракия ауданының кітапханасы иеленді.

Жастардың білімін шыңдап, кітапхана саласындағы әріптестік пен шығармашылық байланысты нығайтқан тағылымды іс-шара жоғары деңгейде өтті.

«Жігерлі жастар – жарқын болашақ» сайысы – кітапхана мамандарының кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, әріптестер арасында тәжірибе алмасып, өзара ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берген мазмұнды іс-шара болды.

Кітапханашы – кітап пен оқырманды байланыстыратын рухани көпір. Ал білімді, ізденімпаз және жанашыл кітапханашы – рухани дамыған қоғамның маңызды тірегі.

Әсел ТУРСЫНҒАЛИЕВА,
Мұнайлы аудандық орталық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.



БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҒА АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС 2027–2028 жылдарға арналған әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 28 қыркүйек, басталуы сағат 10:00-де өтеді.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін орны: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының әкімшілік аумағы, Жаңаөзен қаласы, өнеркәсіптік аймақ, «ҚазГӨЗ» ЖШС әкімшілік ғимараты, акт залы, №201 кабинет.

Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласының әкімшілік аумағы, Жаңаөзен қаласы.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43.359513 с.е., 52.806400 ш.б.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС. БСН: 061040003532. Мекенжайы: 130200, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Өнеркәсіптік аймақ 1, 15Ғ, 1/2-ғимарат. Телефон: +7 (729) 346 46 05. Электрондық пошта: axo@kazgpr.kmg.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Тапрыс» ЖШС. БСН: 200840009053. Мекенжайы: 030200, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Аз-Наурыз көшесі, 17-ғимарат. Телефон: +7 771 290 71 77. Электрондық пошта: talrys2020@gmail.com.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимде қолжетімді болады. Қоғамдық тыңдауларға онлайн қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/78003197000?pwd=GCXpKoY0cH7O7Cvp0nKtw5jY6LNlod.1>

Конференция идентификаторы: 780 0319 7000.

Қолжетімділік коды: ghre60.

Жоспарланып отырған қызмет бойынша қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон арқылы алуға болады: nkanibetova@internet.ru, тел. 8 771 167 5702.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға – Базарбай С.С., әл. пошта: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, G.tulembet@mangystau.gov.kz. Тел. 8 (7292) 46-21-31.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents> интернет-ресурсында орналастырылған.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ	
Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдерімен ұңғымалар салуға арналған техникалық жобалар үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары бойынша.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны	2026 жылғы 29 қыркүйекте сағат 11.00-де Қарақия ауданы, Жетібай кентіндегі «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратының мәжіліс залында өтеді. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өтеді. Конференция идентификаторы: https://teams.microsoft.com/meet/476791799998942?p=gFROaFnqdCIfWtJFd Жиналыс идентификаторы: 476 791 799 998 942 Құпия код: bP2CP3GZ
Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен контактілері	Тұтынушы – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, тел. 215225, e-mail: k.turkmenbaev@mmg.kz Мердігер – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазмұнайгазГЗЖИ», тел. 701344, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz
Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы	https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru
Тапсырыс берушінің электрондық поштасы	https://www.mmg.kz
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Жобаларды экологиялық сараптау» бөлімінің бас маманы Базарбай Сабина, тел. 46-21-31 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекен-жайы	mangystautabigat@gmail.com tabigat@mangystau.gov.kz

LADA GRANTA автокөлігі САТЫЛАДЫ

- * Жылы: 2016
- * Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- * Жанармай: Газ / Бензин
- * Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- * Түсі: ақ

Байланыс нөмірі:

8 778 915 15 88